

Қазақстандағы Ресей жылы шеңберінде мәдени іс-шараларды өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 153-ө
өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстандағы Ресей жылын өткізу туралы
" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 433 өкімін орындау үшін:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан
Республикасының Мәдениет министрлігіне мәдениет қайраткерлерінің Қазақстан
Республикасының аумағы бойынша сапарлары кезінде тұруын, тамақтануын және
көліктік шығындарын қоса алғанда, Қазақстандағы Ресей жылы шеңберінде мәдени
іс-шараларды өткізуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік
шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 7163900 (жеті миллион
бір жүз алпыс үш мың тоғыз жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр